



№2 (188), 2024
(Ақпан-Февраль)

МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯ ПСИХОЛОГИЯ В ШКОЛЕ

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап
қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.

Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках
2011 жылдан бастап ай сайын шығады – С 2011 года выходит ежемесячно

(Республикалық ғылыми-теориялық және қолданбалы журнал – Республиканский научно-теоретический и прикладной журнал)

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Ұ. ҚЫЯҚБАЕВА

Арманы асқақ ғалым, парасатты тұлға.....3

Р.К. БЕКМАГАМБЕТОВА

Боль утраты.....9

Г.Т. АБИТОВА

Ученый, опережающий время.....10

А.К. АЙТПАЕВА

Тренинг как форма обучения в высшей школе11

А. АЛИМБЕКОВА

Жақсыға жақсы жарасар14

Ә. БӨЛШЕКБАЕВА

Қалдырған ізің мәңгілік.....16

Т. АБИЛБАКИЕВА

Ұстаз ұлағаты.....18

А.И. АХМЕТОВА

Профессиональный путь педагога-исследователя
Толешовой Улмекен Болатовны19

М. ШАУЕНОВА

Ұрпаққа үлгі болар ізі бар жан.....22

Ұ. ҚЫЯҚБАЕВА, Ұ. ТӨЛЕШОВА

STEAM білім беру – мектепке дейінгі мекемеде мақсатқа
қол жеткізудің әмбебап құралы.....23

М. САҒЫМБЕК

Жүрегімнен орын алған Ұлмекен апайым31

А. СЛАМКУЛОВ

Сана мен дене үйлесіміндегі салауатты өмір салты33

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор –

Ақнұр ОЛЖАЕВА

Ғылыми редактор –

М. АХМЕТОВА

20. 05. 2010 ж.
ҚР Байланыс
және ақпарат
министрлігінде
қайта тіркеліп, №10964-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75487

Басуға қол қойылды
27. 02. 2024 ж.
Офсеттік басылым.
Тапсырысы: 320.

Редакцияның мекен-жайы:

050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс:
8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл. пошта:
pedagog-ltd@mail. ru

Журнал <<Print
House GERONA>>
типографиясында
басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев
көшесі 30А/3, 124.

Көркемдеуші және
беттеуші:
Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

М. Ахметова – редакция алқасының төрағасы, психол. ғ. д., проф.
(Алматы, «Қайнар» Академиясы)

О. Саңғылбаев – психол. ғ. д., проф.
(Алматы, ҚазҰПУ)

М. Перленбетов – психол. ғ. д., проф.
(Алматы, «Қайнар» Академиясы)

Б.Р. Кадыров - д.пс.н., профессор
(Узбекистан, Ташкентский филиал МГУ им. М.В. Ломоносова)

М. П. Кабакова – канд. психол. н., доцент (Алматы, КазНУ)

Ш. Сатиева – психол. ғ. к., проф.
(Семей, «Семей ун-т»)

А. Х. Кукубаева – д. психол. н., проф.
(Кокшетауский унив. им. Абая Мырзахметова.)

Б. Бейсекеева – педагог-психолог
(Павлодар обл.)



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілермен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Журналға шыққан материалдардың стильдік қателіктеріне редакция жауап бермейді. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.



Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотографии не рецензируются и не возвращаются.

Главный редактор –
Акнур ОЛЖАЕВА
Научный редактор –
М. АХМЕТОВА

Журнал перерегистрирован в Министерстве связи и информаций РК.
Свидетельство №10964-Ж от 20. 05. 2010 г. Астана.
Подписной индекс: 75487

Подписано в печать 27. 02. 2024 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Учредитель:

ТОО «Педагог LTD»

Адрес: 050036, г. Алматы,
Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел. /факс: 8 (727) 255-72-94;
сот. т.: 8 777 1949458, 8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Дизайнер-верстальщик
Нурзат Раймкулова

Журнал напечатан в типографии
<<Print House GERONA>>
г. Алматы, ул. Сатпаева, 30А/3,
124-офис.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасында сақтап жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз. Мақаланызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Арманы асқақ ғалым, парасатты тұлға

Ұ. ҚЫЯҚБАЕВА

Сыр елі – жыр елі атанған өлкеде туып-өсіп, қай жерде, қандай ортада жүрсе де, ерекше құрметке ие болған, сандаған шәкірттерінің сүйікті ұстазына айналған, үлкенге де, кішіге де ізетпен қараған қазақтың парасатты ғалымына, ұлағатты ұстазына айналған құрбымыз, әріптесіміз Ұлмекен Болатқызынан тағдырдың жазуымен айрылып қалдық.

Ұлмекен Болатқызы жарық дүниеге келген және мәңгілік сапарға аттанған күнінің шәкірттері мен әріптестері үшін атаулы күндер болып қалатынын білдік пе? Ұлмекен Болатқызын есіме алсам көмейіме өксік тығылып, жалт етіп жарқырап, ұшқындай жалындап тұрған бейнесі көз алдымда тұрады.... Тағдырдың жазуына не істерсің, не шара?



Ұлы Абай атамыздың:

«Өлді деуге бола ма айтыңдаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған», - деп айтқанындай, Ұлмекен Болатқызының 3 жылдың ішінде мектепке дейінгі білім беру саласы мен әлеуметтік педагогиканың өзекті мәселелеріне жазып қалдырған еңбектері білім беруде өз даралығымен ерекшеленді.

Қауымдастырылған профессор, педагогика ғылымдарының кандидаты Төлешова Ұлмекен Болатқызы – қазақи ортада өсіп, бойына ұлттық болмыс пен құндылықтардың нұрлы шуағынан нәр алған, табиғаты бөлек, білімді өнер деп танып, жантану ғылымын ұлттық тәрбиенің құралы деп есептеген тұлға еді.

Адамның қалыптасуы, таңдаған мамандығының шебері болып өмірден өз орнын алуы – күрделі де ұзақ процесс. Бұл жолда оны тұлға биігіне апаратын сыртқы және ішкі біраз факторлар бар. Сол факторлар болашақ тұлғаның ой-өрісін, көзқарасын, өмірлік бағдарын анықтайды. «Ақырын жүріп анық басқан» Ұлмекен Болатқызының болмысы өзіне Алла берген адами қасиеті – терең ой иірімдерін «нұрлы ақыл», «ыстық қайрат», «жылы жүреппен» байланыстыра білуінен айқын көрінетін.

Ұлмекен Болатқызы өте ізденімпаз, креативті, ойы терең, білікті маман болатын. Ол өмірде, білім, ғылым жолында өзінің ойға алған мақсатын «нұрлы ақылмен» пайымдап, «ыстық қайратпен» тоғыстыра білді. Өзінің шәкірттерін биік арманға қанат қақтыртып, «жылы жүрегімен» баурай алды.



Ұлмекен Болатқызы қандай істі қолына алса да, мақсаты мен міндетің, арманы мен мұратын қатар ұстаудан жалықпайтын. Сондықтан болар бір адамның қолынан келе бермейтін әр алуан қиын жұмыстарды Ұлмекен Болатқызының араласумен жанданып, тез аяқталатын еді. Ұлмекен Болатқызының бойындағы төзімділік, өзіне ғана тән күш-қуат, бойындағы қайсарлық, өз ісіне деген сенімділік пен жауапкершілік оны ғылымның түпсіз биігіне көтерді.

Адамның рухани дамуының ең жоғарғы биігі – кемелдену. Ақ адам бойындағы кемелдену жанның тазалығына, білімнің тереңдігіне, дене, тән тәрбиесі мен ой, рухани байлықтың егіз сипатын сақтай отырып, тұлғалық қалпын үздіксіз

жетілдіруіне байланысты. Бұл ғылым үшін аса маңызды. Осындай адам ғана ғылым биігіне көтеріле алады. Сондай ғалымдардың бірегейі, құрбымыз, әріптесіміз Ұлмекен Болатқызы. Ұлмекен Болатқызы туралы өткен шақпен айтудың қаншалықты қиын әрі ауыр екенін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес.

Ұлмекен Болатқызының ұстаздық, ғалымдық, тұлғалық қырын бір мақаламен ашып бере алмаймыз. Тек осы мақаламызда Ұлмекен Болатқызының педагог, психолог-ғалым ретінде педагогика, психология ғылымдарының ұстанымдарын, ұстаз-ғалымның табиғи жаратылысының бір қырын ғана айта аламыз.

Ұлмекен Болатқызы өзі білім алған қасиетті қара шаңырақ – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 20 жылдан астам қызмет жасағанына қарамастан, 95 жылдық тарихы бар жоғары оқу орындарының көшбасшысы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Педагогика және психология институты, Мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика кафедрасына 2020 жылы менің шақыруыммен

оқытушылық қызметке келді. Ұлмекен Болатқызы 2020-2024 жылдардың арасында ғана аталмыш кафедрада қызмет етсе де, ғалымдығы мен ұстаздығының таразын тең ұстап, білімге, ғылымға икемі бар білімалушылардың жүрегін алғашқы жылы ақ баурап алған-ды.

Расында да, Ұлмекен Болатқызы – ақыл-парасаты мол, ұстаздық еңбекке саналы құштарлықпен келген, бар шәкіртіне мейірім шуағын тең бөлген, ерекше жаралған жан еді. Ол шәкірт жанына жол таба білетін парасатты ұстаз, педагогика мен психология ғылымын қатар меңгерген терең білімді, ерік-жігері мол, қаламы жүйрік ғалым еді. Саналы ғұмырын ұстаздық, ғалымдық қызметке арнаған Ұлмекен Болатқызы әріптестерінің ғана емес, саналы әрбір шәкіртінің жүрегінен орын алғанына мен кәміл сенемін.

Ұлмекен Болатқызы педагогика мен психология ғылымын қатар меңгерген сабақтың қай түрін болмасын есте қаларлықтай, қызықты етіп өткізетін, кәсіби білікті ұстаз еді. Өткізген әрбір тренинг сабақтарының қай-қайсысы да қызу пікірталассыз өтпейтін. Әрбір өткізген сабағы заманауи технологияның өзекті мәселелеріне арқау болып табылатын. Ұлмекен Болатқызы жүргізген сабақ шәкірт пен ұстаздың бірлескен ізденісінің жемісін, нәтижесін беретін еді.

Ұлмекен Болатқызы – жасынан қазақи тәрбиеге қанық, ұлттық ұстанымы берік ортада өскен, кісілік пен кішіліктің өнегесін көп көрген, гуманистік, қазақи қасиеттердің маңызы мен рөлін ерекше құрметтеп, бағалайтын тұлға еді. Ата-анасынан алған тәрбиесінен, туған жерінің топырағынан, қоршаған ортасының әсерінен, адамның өз қабілет-қарымынан дарыған ерекшеліктер Ұлмекен Болатқызын жантану ғылымын терең тануға бағыттапты. Ғылыми пайымдау тұрғысынан қарасақ, зерделі ғалымның заман сұранысын, ұрпақ тәрбиесін өзінің басты нысанына айналдырғанын байқаймыз.

Ұстаз шәкірт жанының шамшырағы іспетті. Өйткені жеткен биігің, мерей-мәртебең ұстаз ұлағатымен тығыз байланысты. Жаныңа жарық нұр құйған жанның ұлағаты жадында мәңгі жаңғырып, санаңда өшпестей болып жарқырап тұрады. Әрине, осынша құрметке, шәкіртінің шексіз сүйіспеншілігіне бөлену – кез келген ұстаздың маңдайына жазыла бермеген бақыт. Өмірде «өз уақытын аямаған, өзгенің жанын аялаған» ұстаз өте сирек кездеседі. Ұлмекен Болатқызы өзінен оқып, дәріс алған бар шәкіртін бөліп-жармайтын, «бес саусақ бірдей еместігін» біле тұра, әр шәкіртінің бойынан бір ерекшелік танып тұратын, олардың мінез-құлқындағы ала-құлалықты елемеуге тырысатын үлкен жүректі адам, адал ұстаз еді. Жанына жақын жүздеген шәкірттері іштей өзінің ғана ұстазы санағанмен, ол бәріне ортақ ұлық ұстаз болатын.

Төлешова Ұлмекен Болатқызы 1971 жылы 7 шілде күні Қызылорда облысы, Қазалы ауданы XXII партсъезд совхозы, қазіргі Ақтан батыр ауылында дүниеге келген. 1986-1990 жылдары Арқалық педагогикалық, училищесін «Бастауыш мектеп педагогикасы» мамандығын, 1992-1996 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің «Психология» мамандығының бакалавр бөлімін, 1996-1998 әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дің «Педагогика» мамандығының магистратурасын, 1998-2001 жылы аталмыш университеттің 13.00.01 – «Жалпы педагогика» мамандығының аспирантурасын тамамдады.

2004 жылы «Оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастырудағы мектеп пен университет арасындағы сабақтастық» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғаған.

1998 жылдан бастап әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің педагогика және білім беру менеджменті кафедрасында доценттік қызмет атқарды.

Ұлмекен Болатқызы 2 монография (бірлестікте), 7 оқу құралы, 20-дан астам оқу-әдістемелік құрал жалпы 150-ден аса ғылыми еңбектердің авторы.

Ұлмекен Болатқызы Төлешованың жеке және әріптестік бірлестікте жарық көрген ғылыми еңбектерінің тізімі төмендегідей:

1. Е.Б. Дайрабаев, М.К. Көкөзова, Ұ.Б. Төлешова. Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша магистрлердің жоғары оқу орнында педагогикалық тәжірибе өткізуге арналған жадынама (оқу-әдістемелік құралы) әл-Фараби атындағы ҚазҰУ баспасы. – Алматы, 2002, – 25 б.;

2. Ж.Р. Баширова., Ұ.Б. Төлешова. Педагогикалық технологиялар арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. (Оқу-әдістемелік құралы) әл-Фараби атындағы ҚазҰУ баспасы. – Алматы, 2003. – 56 б.;

3. Ұ.Б. Төлешова. Тұлға қалыптастырудағы танымдық қызығушылықтың педагогикалық негізі. Оқу-әдістемелік құралы. – Алматы, 2008-89 б.;

4. Н.С. Әлқожаева, Ұ.Б. Төлешова. Жоғары мектептің оқу үдерісінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 126 б.;

5. Н.С. Әлқожаева, Ұ.Б. Төлешова. Әлеуметтік-педагогикалық практиканы ұйымдастыру жолдары. (Оқу әдістемелік нұсқау). – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 24 б.;

6. Ұ.Б. Төлешова. Психологиялық-педагогикалық жеке адам диагностикасы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті. 2012, – 142 б.;

7. Ж.Р. Баширова, Р.К. Бекмағамбетова, Н.С. Әлқожаева, Н.С. Жуба-

назарова, Ұ.Б. Төлешова. Педагогика, әлеуметтік педагогика, өзін-өзін тану тарихы. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 248 б.;

8. Ұ.Б. Төлешова Студенттің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың тиімді формалары. Оқу әдістемелік құрал – Алматы: ББЖҚБАРИ, 2015, – 96 б.;

9. Жоғары мектеп педагогикасы: оқу құралы/Ж.Р. Баширова, Н.С. Әлқожаева, Ұ.Б. Төлешова және т.б. – Алматы: Қазақ университеті, 2015, – 190 б.;

10. Н.С. Әлқожаева., Ұ.Б. Төлешова. Отбасылық тәрбие (1-6 жас). Әдістемелік құрал –Астана, 2015. – 30 б.;

11. Ұ.Б. Төлешова, Н.С. Әлқожаева. Отбасылық тәрбие (7-12 жас). Әдістемелік құрал – Астана, 2015. – 30 б.;

12. Ұ.Б. Төлешова., Н.С. Әлқожаева. Отбасылық тәрбие (18-29 жас). Әдістемелік құрал –Астана, 2015. – 30 б.;

13. Н.С. Әлқожаева, Ұ.Б. Төлешова. Білім берудегі педагогикалық технологиялар. Оқу-әдістемелік құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 122 б.;

14. Ұ.Б. Төлешова. Психологиялық-педагогикалық практикум. Оқу-әдістемелік құралы. –Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 102 б.;

15. А.Б. Мукашева, Ұ.Б. Төлешова, Г.А. Қасен. Педагог-психологтің жоғары сынып оқушыларының мамандық таңдауын ұйымдастыру жолдары. Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 85 б.;

16. Қ.Ш. Молдасан, Ұ.Б. Төлешова, Ә.М. Құдайбергенова «Біз біргеміз! Мы вместе!» жобасы аясында мектептегі педагогикалық тәжірибедегі диагностикалық қызмет// оқу-әдістемелік құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 76 б.;

17. Н.С. Жубаназарова, Ұ.Б. Төлешова. Денсаулық психологиясы// Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 120 б.;

18. Ұ.Б. Төлешова Психологияны оқыту әдістемесі // Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 112 б.;

19. Н.А. Асанов, Н.С. Әлқожаева, Ұ.Б. Төлешова, Қ.Б. Жұмабекова. Тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбиесі. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 143 б.;

20. Г.А. Қасен. Арт-терапиялық практикум: оқу-әдістемелік құралы / Г.А. Қасен, Ұ.Б. Төлешова, А.Б. Мукашева. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 88 б.

21. Ұ.Қ. Қыяқбаева, Ұ.Б. Төлешова, Р.Е. Каримова, Б. Аувакир. Әлеуметтік педагогикалық іс-әрекеттерді жобалау негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 133 б.;

22. Ж.Ш. Бақтыбаев, Ұ.Б. Төлешова, Ж. Әбдіқадырқызы. Білім беруде-

гі АРТ технологиялар. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 97 б.;

23. Ұ.Б. Төлешова Психологияны оқыту әдістемесі. Оқу құралы – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 105 б.;

24. Қ.Ш. Молдасаң, Ұ.Б. Төлешова. Педагогикалық коучинг. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 110 б.;

25. Ұ.Б. Төлешова, М.Д. Мурзагулова, Д.Б. Оспанова. Педагогикалық анимация. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 108 б.;

26. Ұ.Б. Төлешова, Г.Т. Абитова, Ғ.Т. Абилбакиева. Әлеуметтік-педагогикалық диагностика. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 138 б.;

27. Ұ.Б. Төлешова, Б. Аувакир. Баламен ойна... бізбен әлем өзгеше. Оқу-әдістемелік құралы. – Алматы, 2022. – 144 б.

Ұлмекен Болатқызының біліктілігі оның ғылыми ізденістерінен көрініс табатын-ды. Оның педагогика және психология ғылымдарының саласындағы еңбектері санының көптігімен, көлемінің молдығымен емес, жазғанының жаңашылдығымен, ғылыми ізденісінің тереңдігімен бағаланады.

Ұлмекен Болатқызы ұстаздық қызметіне шығармашылық пен тың идеяны туындата отырып, жаңалыққа жаны құмар, педагогика, психология ғылымындағы озық ойлы идеяларды, әдіс-тәсілдерді дамытуда жаңа форматты, креативті педагог-ғалым болды.

Ұлмекен Болатқызының ғылыми аясының зерттеулеріне тән басты қасиеттер – ой биіктігі, ізденіс тереңдігі, тақырып аясының кеңдігі. Ұлмекен Болатқызы өзінің қысқа ғұмырында аз еңбектенген жоқ, бірақ көп дүниесі баспаға дайындалып жатқан еді. Басылып шыққан зерттеулері көп болмаса да, бірақ саз жазатын ғалымның, зерттеушінің еңбектері аса сапалылығымен айшықталады.

Ұлмекен Болатқызы өзге әйел затынан бір артықшылығы – қандай жағдайда болмасын жан тебіренісін сездіре бермейтін ер азаматқа ғана тән, өр мінезділігі мен қайсарлығы.

Иә, Ұлмекен Болатқызы үлкен-кішіге бірдей қадірлі, сыйлы жан еді. Өкініштісі – Алатаудай арман арқалап, қыздары үшін, шәкірттері үшін атқарар ұлы мақсаттарының шыңына шыға алмай, дүниеден ерте озғаны. Көңілге демеу, жанға дәру болатыны – Ұлмекен Болатқызының ғылыми еңбектерінің барша білімалушылардың игілікті істеріне қажеттігі мен сұранысы.

Абай атамыздың: «Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес», - деп айтқанындай, көңіліме демеу болатыны, Ұлмекен Болатқызының бастаған әрбір ізгі істерін әріптестері, шәкірттері мен ізденуші жас ғалымдардың жүзеге асыратындығы.

Боль утраты

Р.К. БЕКМАГАМБЕТОВА

Кафедра дошкольного образования и социальной педагогики Института педагогики и психологии КазНПУ имени Абая понесла тяжелую утрату: ушла на 52 году жизни наш коллега, кандидат педнаук, и.о. ас. профессор Толешова Улмекен Болатовна.

Большим ударом для коллег по работе стала страшная весть о ее смерти, она оставила нас внезапно, пронзив болью искреннего сопереживания и бесценной утраты.

Улмекен Болатовна на вышеуказанной кафедре проработала всего 3 года, но, несмотря на это, она в ней заняла достойное место, сразу влилась в наш педагогический коллектив, ее уважали и любили как коллеги, так и студенты, магистранты и докторанты.

Мы потеряли талантливого педагога высшей школы!

Она была оптимистом по своему характеру, постоянно показывала пример трудолюбия и жизнелюбия.

Это была жизнерадостная, неунывающая, творческая личность, преданная педагогической деятельности, она очень хорошо владела аудиторией, мне не раз приходилось быть на ее тренингах, я поражалась ее мастерству налаживать психологическую и эмоциональную совместимость в команде участников тренинга, создания неформальных связей и межличностных симпатий, формирования умений действовать сообща и решать текущие проблемы вместе. Все участники тренингов всегда были от нее в восторге, тренинги проводила в разных форматах.

Бок о бок я работала с ней при написании научных проектов, она умело четко ставить цели, разрабатывать стратегию и план деятельности, а также организовывать и контролировать их выполнение.

Она аргументированно отстаивала свое мнение, у нее была своя точка зрения на каждую проблему, быстро реагировала на изменения в образовательной среде и адаптировала свою работу и стратегии к новым условиям, всегда была открыта к новым идеям и инновациям.

Улмекен Болатовна заражала окружающих ее людей своей неуемной энергией, щедро делилась своими знаниями, оказывала большую помощь нашим магистрантам и докторантам, подавала очень интересные идеи.

Она была открытым и приятным в общении человеком, могла всех окружающих ее людей вдохновлять и мотивировать.

Улмекен Болатовна могла каждого человека понять, помочь, сопереживать, дать дельные советы.

Улмекен Болатовна оставила о себе добрую память в сердцах людей, общавшихся с ней.

Ученый, опережающий время...

Г.Т. АБИТОВА

Очень трудно писать о самом близком и родном человеке, кого не стало рядом с нами так неожиданно... Улмекен Болатовна – это яркая творческая искра, которая озаряла и заряжала всех окружающих своей мощной энергией и оптимизмом. Это Человек, для кого работа была всегда смыслом ее жизни. Это пример, образец беззаветного служения науке, психологии, образованию и любви к делу, которым она занималась. С такой энергией, с такой радостью, с таким энтузиазмом мы создавали в команде с ней новые проекты.

В памяти Улмекен Болатовна останется человеком творческим, вечно пребывающим в поиске новых педагогических идей, нестандартных, оригинальных тренингов и лекций.



Кто бы мог подумать, что проведенные в ноябре 2023 года совместно с российскими учеными масштабные курсы повышения квалификации для педагогов дошкольных организаций г. Алматы на тему: «Современные образовательные технологии дошкольного образования и мировая практика раннего развития детей» станут для нее последними. На тот момент Улмекен действительно чувствовала себя не важно, но когда

ей предложили тренинги для психологов и воспитателей, тогда она загорелась ими, в голове у нее сразу появилось столько идей, столько креатива. Говорят, что если человек талантлив, он талантлив во всем. Так и она во время своих тренингов неустанно работая с различной творческой аудиторией могла запеть или начать танцевать. Интереснее собеседника трудно было найти. Благодарные слушатели ее тренингов, это и психологи и воспитатели отзывались об Улмекен Болатовне как о человеке с безграничной душевной щедростью, тонким чувством юмора и природного обаяния. На ее ярких, насыщенных тренингах, проведенных в частной школе Шокан присутствовали заместитель акима г. Алматы Аида Нусупова, учредитель-организатор тренингов Нурлан Киясов.

Улмекен Болатовна – прогрессивно мыслящий ученый, обладающий тонкой интуицией и талантом, умением трудиться во благо науки, она является автором более 100 известных научных трудов. В сфере казахстанской психологии ее знают, как грамотного психолога, обладающий высоким интеллектом, широтой и гибкостью взглядов, инициативностью и оптимизмом.

Профессионал высокого уровня, неиссякаемой энергии, творческого поиска, опережающий время – так можно сказать об Улмекен Болатовне.

Человек, который в сердце каждого из нас оставил огромное количество счастья, добра, жизненной энергии, который всегда был рядом с нами и излучал радость. Светлая память о ней навсегда сохранится в наших сердцах.

Тренинг как форма обучения в высшей школе

А.К. АЙТПАЕВА

Тренинг как форма обучения существует уже более шестидесяти лет, но активно обращаться к нему как к форме обучения студентов стали совсем недавно. Наиболее «продвинутые» преподаватели стремятся, чтобы их студенты не только получили новые знания, но и совершенствовали навыки их применения, получили профессиональную и психологическую подготовку, которую невозможно получить на лекциях и семинарах.

Тренинг в учебном процессе направлен на развитие личности будущего профессионала, на формирование элементов его будущей профессиональной деятельности. Ведь согласно определению, тренинг – форма интерактивного обучения, целью которого является развитие компетентности межличностного и профессионального поведения в общении, метод активного обучения, направленный на развитие знаний, умений и навыков, а также социальных установок.

Наблюдения показывают, что словарный запас студентов ограничен, речь подавляющего большинства однообразна и изобилует жаргонизмами, а даваемые оценки находятся в «черно-белой» плоскости, это свидетельствует об отсутствии аналитического мышления. Студенты часто не способны обсуждать и высказываться по вопросам современной политики, философским проблемам, пытаясь свести глобальные вопросы к бытовым проблемам. В итоге происходит примитивизация не только учебного материала, но и мировоззрения молодого человека в целом, что неудачи других при приеме на работу в карьерном росте, в управлении.

Профессиональный успех складывается из множества компонентов и тренинговая технология – одна из форм, которая может помочь студенту изменить свой настрой, свое отношение к учебе и прийти к пониманию необходимости самообразования.

Для анализа тренинга как формы обучения в высшей школе необходимо ответить на два основных вопроса: во-первых, что мы понимаем под тренингом, во-вторых, каким образом данная форма может быть внедрена в образовательный процесс.

Понятие «тренинга» имеет множество трактовок. Данный термин происходит от английского языка *training* от *train* – «обучать, воспитывать») и в переводе следующий ряд значений: воспитание, обучение, подготовка, тренировка [1]. Единой классификации тренингов не существует.

В литературе по дидактике высшей школы тренинг также употребляют в контексте проблемы психологических основ работы преподавателя вуза, в одном из аспектов «Психология методов и средств обучения в вузе»: «Тренинг применяется как в целях формирования и совершенствования общей коммуникативной готовности личности, так и для выработки специфических коммуникативных навыков у представителей тех профессий, которые предполагают интенсивный контакт с другими людьми (преподаватели, руководители, врачи, тренеры и т.д.) [2]. Как видно и в этом понимании не воспроизводятся признаки формы организации обучения.

Так, например, с точки зрения Ю.Н. Емельянова «термин тренинг должен использоваться для обозначения методов развития способностей к обучению или овладению любым сложностям широко его трактовать. Мы считаем, что применительно к процессу профессиональной подготовки тренинг можно рассматривать и как метод обучения, и как форму обучения.

Выделяют тренинги, направленные на развитие навыков саморегуляции, коммуникативные тренинги, тренинговые подходы, стимулирующие личностный рост, обучающие тренинги. Обоснованием внедрения тренинговой формы организации процесса обучения в высшей школе является характеристика учебной деятельности усвоения действий студентами на различных уровнях. Рассматривая проблему проектирования образовательного процесса в высшей школе В.Д. Чернилевский в работе «Дидактические технологии в высшей школе» указывал на четыре уровня учебной деятельности усвоения:

1. Уровень – знакомство;
2. Уровень – воспроизведение;
3. Уровень – умения и навыки;
4. Уровень – творчество.

Уровни усвоения «умения и навыки», «творчество» предполагают тренировочные действия студентов, что определяет необходимость обращения к тренинговой форме организации обучения на занятиях, в которой складываются и получают развитие и навыки профессионального общения, и мышления углубляется рефлексия.

Организационное взаимодействие студентов с преподавателями и друг с другом предполагает постоянную самооценку и самоконтроль. Группа становится средством, обеспечивает активизацию их деятельности независимо от субъективных желаний участвовать в процессе обучения. Активные методы обучения повышают степень мотивации и эмоциональности обучающихся, обеспечивают прямые и обратные связи по взаимодействию обучаемого с преподавателем и друг с другом. Такие методы развивают умение анализировать конкретную ситуацию и выбирать наиболее рациональные способы деятельности путем срав-

нительной оценки различных ее вариантов, что является важным условием решения поставленных в процессе обучения задач.

Данную статью нам бы хотелось посвятить памяти педагога высшей школы, кандидата педагогических наук, ассоциированный профессора КазНПУ имени Абая **Толешовой Улмекен Болатовне**. Прекрасного педагога, психолога, модератора, человека с большим опытом в организации и проведении учебных тренингов. Одним из альтернативных и эффективных способов изучения и добывания новых знаний, является технология **мастерских**, которая представляет собой альтернативу классно-урочной организации учебного процесса. В ней используется педагогика отношений, всестороннее воспитание, обучение без жёстких программ и учебников, метод проектов и методы погружения, творческая деятельность обучающихся. Актуальность технологии заключается в том, что она может быть использована не только в случае изучения нового материала, но и при повторении и закреплении ранее изученного. Данная технология предполагает такую организацию процесса обучения, при которой педагог-мастер вводит своих студентов в процесс познания через создание эмоциональной атмосферы, в которой студент может проявить себя как творец. В этой технологии знания не даются, а выстраиваются самим студентом в паре или группе с опорой на свой личный опыт, педагог – мастер лишь предоставляет ему необходимый материал в виде заданий для размышления. Эта технология позволяет личности самой строить своё знание, в этом её большое сходство с проблемным обучением. Создаются условия для развития творческого потенциала и для студента, и для педагога.

Используемая литература:

1. Манвелов С.Г. Конструирование современного урока. – М.: Просвещение, 2002;
2. Ларина В.П., Ходырева Е.А., Окунев А.А. Лекции на занятиях творческой лаборатории «Современные педагогические технологии». – Киров: 1999 – 2002;
3. Петрусинский В.В. Игры – обучения, тренинг, досуг. Новая школа, 1994;
4. Громова О.К. «Критическое мышление – как это по-русски?» Технология творчества. //БШ № 12, 2001;
5. <http://murzim.ru/nauka/pedagogika>

Жақсыға жақсы жарасар

А. АЛИМБЕКОВА

Күнде көріп, жұмыс жасауға деген құлшынысы өте жоғары заманда-сым, әріптесім қас-қағым сәтте өмірден өтіп, естелік жазам деп кім ой-лаған. Өмір біреуге ұзақ, біреуге қысқа берілетін тылсым дүние. Өмір сүрудің басты факторы – денсаулық. Денсаулық – баға жетпейтін ең асыл байлық. Бұл ойды жазуыма Ұлмекеннің *«жұмыс, жұмыс деп жүріп, денсаулығыма қарамаппын, денсаулықты күту керек екен»* дегені жиі есіме түседі.

Ұлмекен Болатқызы оқу-тәрбие процесін жоспарлаумен, ұйымдас-тырумен, жүргізумен және талдаумен айналысып, білім беру және тәр-бие саласындағы кәсібилігін шындаудан шаршамаған маман. Ол әрбір білім алушының жеке басының дамуына, оның білімін, дағдыларын, дү-ниетанымы мен құндылықтарын қалыптастыруға кәсіби тұрғыда ықпал ете алды. Педагог ретінде жас ұрпақтың жан-жақты дамуына ықпал ету, оның өмірдің әр түрлі салаларында үнемі өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қолдау және ынталандыруда ерекше қызметтер атқарып, ғылыми зерттеулер жүргізді. Оған дәлел жарыққа шыққан 200-ден астам ғылыми еңбектері.

Біздің кафедраға жұмысқа келгеннен кейінгі жылдары 6В01801 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының қазіргі 3-курс студенттеріне эдвайзер ретінде тағайындалды. Топ студенттерін ерек-ше жақсы көретін, әрқайсысының көңіліне келіп қалмайтындай сыпайы, жылы жүзбен сөйлесетін. Бірде маған келіп менің балаларымды «Ли-дер» клубына алыңызшы, олардың барлығы лидер болғылары келеді деп күлімдеп тұрды. Сонымен қатар лидер туралы біраз ойларын айтып, жазған еңбектері туралы баяндай бастады. Соның бірі «Эмоционалды интеллект немесе Көшбасшылық сыры» атты мақаласы еді. Ол жер-де «Басқару психологиясы» пәнінде көшбасшылықты дамытуда негіз-гі фактор болатын Эмоционалды интеллект тақырыбына үңіліп, ізденіс жасалғанын айтты. Лидерге қажет эмоционалды интеллект – өзінің және басқа адамдардың эмоцияларын, ниеттерін, мотивтерін, тілектерін тану және оларды басқару қабілеті. Дағды практикалық мәселелерді шешуге және өмірдегі және жұмыстағы мақсаттарға жетуге көмектеседі. Эмо-ционалды интеллект дамыған адамдар басқа адамдармен келіссөздер жүргізе алады, шешім қабылдай алады және жағымсыз жағдайларға адекватты жауап береді....деп маған тыңдап отырғаныма көз жеткізгісі

келгендей үңіліп қарады. Ары қарай эмоциялар арқылы біз оқиғаларға, сөздерге және жағдайларға жауап береміз. Егер оларды түсінбесек, шешіміміз қате болуы ғажап емес. Мысалы, сізге жұмыста ескерту жасады, сіз дауласып, жанжалдасып қалдыңыз. Нәтижесінде бұл неврозға, апатияға және басқа да депрессиялық күйлерге әкелуі мүмкін ғой. Сонымен бірге депрессия тез кетпейді: 15-39% адамдарда ол ұзаққа созылады.... деді. Эмоционалды интеллект дамыған адам әрекетке немесе эмоцияға емес, себепке жауап береді. Бұл оған сынды дұрыс қабылдауға, басқа адамдарды түсінуге және оларға барабар реакциямен жауап беруге көмектеседі. Ғалымдардың зерттеулеріне сәйкес, эмоционалды интеллект дамыған адамдардың психикалық денсаулығы, жұмыс тиімділігі және көшбасшылық қабілеттері жоғары болып келетінін айтты. Мен үндемей тыңдап отырдым, сол кезде тоқтап, бірақ кейде өзіміз эмоциямызды ұстай алмай, ал кейде эмоциямызды көрсете алмай қалатын кездер де болады. Бірақ студенттерді үйретеміз. Студенттердің көшбасшылықтарын дамыту эмоционалды интеллекттің дамуына ықпал етеді. Сондықтан студенттер үшін «Лидер» клубының берері мол. Клуб жұмыстары арқылы саналылық, өзін-өзі бағалау, мотивация және бейімделу жүзеге асады деген еді. «Лидер» клубының АРТ секциясы бір екен сол жерде студенттерге арнап тренинг өткізсем деген ұсыныс берген еді. Студенттерінің қатысқан, ұйымдастырған іс-шараларын көргенде қуанып, мен білгенмін олардың осындай өнерлі екендерін, өздері шетінен *лидер* деп күліп алатын еді.

Маған үнемі АРТ бойынша диссертация жазып жатқан жігіт, қашан шығады қорғауға, жұмысын жақсылап оқып, кеңесімді аямаймын, пікір беремін деген еді. Сонымен қатар отбасына деген жауапкершілігіде жоғары еді. Үлкен қызы Америкаға оқуға түскенде қуанышында шек болмады, Америкаға кету үшін алған визасы тұрған ҚР азаматы паспортының фотосын көрсетіп, қызының өзі қалаған оқуына баратыны үшін бақытқа бөленіп жүрді. Соңғы ауырып жүрген кезінде кафедрамыздың меңгерушісі Ұлбосын Қозыбаевна Қыяқбаеваға ерекше риза екенін жиі айтатын. Кафедра ұжымын жақсы көретін, әрқайсымызға жағымды сөздер айтып, көңілімізді көтергісі келетін. Ұжым болып демалғанды ұнататын. Ақжарқын, еңбекқор, қандай жұмыс болса да шаршадым деп айтпайтын, нағыз өз ісінің лидері, мамандығының патриоты педагогика ғылымдарының кандидаты, Толешова Ұлмекен Болатовнаның арамызда енді жоқ екені жүрегімізді ауыртады. Амал қанша, енді артында қалған бауырларына, жақындарына, әлпештеп өсірген қыздарына, жан-жарына берекелі, бақытты, ұзақ өмір тілеймін. Артында ұрпағы, шәкірттері бар адам ешқашан ұмытылмайды.

Қалдырған ізің мәңгілік...

Ә. БӨЛШЕКБАЕВА

Жаны жайсаң, рухы мықты, кеше ғана арамызда жүрген аяулы ұстаз Ұлмекен Болатқызы туралы өткен шақта ой толғау қиынның қиыны.

Ұлмекен Болатқызы маған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 2000-2004 жылдар аралығында «Педагогика», «Педагогиканы оқыту әдістемесі» пәндерінен дәріс оқып, ұстаздық етті. Біз шәкірттерінің есінде Ұлмекен Болатқызы білімді, білікті, кәсіби әлеуеті жоғары, мейірімді ұстаз ретінде сақталып қалды, курстастармен кездескен сайын студенттік балғын шақтың тәтті сәттерін еске алғанда Ұлмекен апайдың да орынын үнемі айтып отырамыз. Ұстазымыздың қазасы шәкірттерін біраз есеңгіретіп тастады десем, өтірік емес.

Кейіннен, 2020 жылдан бастап біз Ұлмекен Болатқызымен әріптес ретінде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің, Мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика кафедрасында әріптес ретінде қызмет еттік. Апай әріптес қана емес, жанашыр ұстазым ретінде өзінің жанашырлығын, ұстаздық мейірімін ары қарай жалғастырды. Тіпті, әпкелік қамқорлық танытып, сырласыма айналды. Себебі, Ұлмекен Болатқызы менің әпкеммен бір жылғы болғандықтан, мені әпкең ретінде қабылдарсың деп жанына тартты. Әпкем кенеттен өмірден өткенде менімен көп сырласты, ақылын айтты. Өмірдің өткінші екенін, жалған дүние әркімнің басында бар екенін түсіндірген қайран ұстазым, бұл жалғанмен өзі де қоштасып осылай кете баратынын білмей де қалдық қой...

Әлі де ғылымға, шәкірттеріне беретіні көп шақта дүниеден озуы, жақ-





сы адамдар қатарының сиреуі біздің жанымызды жауратты. Соңғы жылдары Ұлмекен апаймен етене жақын жұмыс істедік, жобалар орындадық, іс-шаралар ұйымдастырдық, ұлттық тест орталығына бірге барып тест құрастырғанда бірге жүрдік.

Ұлмекен Болатқызының рухы мықты, ерік-жігері күшті еді, сырқаттанып жүрсе де өмірге деген құштарлығы, болашаққа деген үміті зор еді, әттең дейміз... Апайдың істеймін деген жұмыстары өте көп еді, өзінің жанындай жақсы көретін арт-терапиясымен де біраз жоспарлары бар еді. Әрине, өткен шақта баяндау оңай болмаса да, ұстазымның бар жақсылығын, қасиеттерін жеткізгім келеді. Бірақ, тамаққа тығылған өксік бұған мұрша берер емес...

Ұстазым, менің ұстазым,
Өзіңмен өткен қыс-жазым.
Қалдырған ізің мәңгілік,
Жадымда тұрар жаңғырып,
Ұстазым, менің ұстазым!
Өзіңнен өмірге азық ала бердім,
Ұшырып мені алысқа қала бердің.
Бойымда отың кетті ұшқын атқан,
Келеді жана бергім, жана бергім!

Бейнеңіз алыстағанмен, берген ақылыңыз санамызда қалды. Аяулы ұстаз, **Ұлмекен Болатқызы** Сіздің педагогика мен психология ғылымындағы ізіңіз шәкірттеріңіз барда өз жалғасын таба бермек. Жаныңыздай жақсы көрген ісіңіз, жарқын бейнеңіз біздің есімізде жаңғырып тұрады, мәңгілік жүрегіміздесіз!

Ұстаз ұлағаты

Т. АБИЛБАКИЕВА

Бұл жазба биылғы жылдың қаңтар айында келмес сапарға кеткен кафедрамыздың белді ғалымы – Ұлмекен Болатқызы туралы бір үзік сыр.

Төлешова Ұлмекен Болатқызы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ психология мамандығын тамамдаған. Өзінің еңбек жолын сол университетте 1998 жылдан бастаған. 2004 жылы «Оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастырудағы мектеп пен университет арасындағы сабақтастық» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады.

2020-2021 оқу жылынан бастап Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогика және психология институты «Мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік» кафедрасында қызмет атқарды.

Ұлмекен Болатқызының ғылыми еңбектерінің саны 100-ден асады. Ғалымның оқу құралдары мен оқу-әдістемелік құралдары жарық көрген. «Жоғары мектептің оқу үдерісінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану», «Әлеуметтік психологиялық-педагогикалық кеңес беру», «Әлеуметтік психологиялық диагностика», «Баламен ойна» және т.б.

Ұлмекен Болатқызы Университеттің ғылыми жобаларында ерен еңбек етті. «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының 3-курс студенттеріне эдвайзер ретінде студенттердің есінде қалды. Әрбір студентті тұлға деп танып, әрқашан қамқорлық көрсетіп отыратын.

Университет докторанттар мен магистранттарға, студенттерге арнап семинар-тренингтер өткізді. Аттестацияға арналған тест тапсырмаларын құрастырушысы ретінде көп еңбек етті. 26 жылдық тәжірибесі мен шығармашылығының арқасында қаншама шәкірт тәрбиелеп, үлгілі өнегесімен бөліскен тұлға. Ұстаз-ғалымның республиканың түкпір-түкпірінде қызмет жасап жүрген шәкірттері бар. Республика деңгейінде ЖОО-да семинар-тренингтер өткізіп, педагогтардың біліктілігін жетілдіруге зор үлесін қосты. Университетте педагог біліктілік арттыру курстарын өткізіп қана қоймай, педагогтардың кәсіби даярлығын арттырып, өз ісін жоспарлай алуына, өзінің нақты мақсаттарын болжап, көріп, баланың әрекетін ұйымдастыра алу шеберлігін шыңдауына ықпал етті.

Өз ісінің шебері, кәсіби маманы ғана емес – отбасында аяулы ана, асыл жар, қимас бауыр, шынайы дос бола білді. Әріптестер мен студенттердің көңілін тауып, әрқашан қолдап, көмек қолын созуға дайын болатын. Ғалым ретінде өлшеусіз ғылыми еңбектер, педагог ретінде зерек шәкірттер қалдырды.

Ғылымның биігі – қайталанбас биік, қайталанса да басқа бір қырынан толықтырылатын жетілдірілетін биік, ұмытылмас тарих екендігі ақиқат. Өз ісін бар ынтасымен сүйіп істеген адам ғана мақсатқа жетеді. Ғылымды өмірлік кредосы еткен, қарапайым, еңбекқор Ұлмекен Болатқызы бейнесі мәңгі есімізде....

Профессиональный путь педагога-исследователя Толешовой Улмекен Болатовны

А.И. АХМЕТОВА

Иногда судьба преподносит нам подарок в виде встречи с хорошим человеком. Чем больше его узнаёшь, тем острее осознаешь, что этот дар бесценен. В данной статье хотелось бы осветить профессиональный путь удивительной женщины, коллеги – преподавателя кафедры «Дошкольное образование и социальная педагогика» Толешовой Улмекен Болатовны, кандидата педагогических наук (13.00.01. КН № 0011706), ассоциированного профессора КазНПУ имени Абая.

Толешова Улмекен Болатовна в 1990 году окончила Аркалыкское педагогическое училище по специальности «Учитель начальных классов», в 1996 году получила степень бакалавра «Психология» факультета философии и политологии КазНУ им. Аль-Фараби, а в 1998 году окончила магистратуру и получила степень магистра по специальности «Педагогика». Свой профессиональный путь Улмекен Болатовна начала с 2002 года в качестве старшего преподавателя и доцента (2005) КазНУ им. Аль-Фараби. В 2004 году она защитила диссертацию на тему «Преимственность школы и вуза в формировании познавательных интересов школьников» в Казахском национальном университете имени аль-Фараби.

Выпускница Казахского национального университета имени аль-Фараби в 2020 году переступила порог нашей кафедры и ни разу не пожалела, что сделала свой выбор в пользу любимой профессии – педагога-исследователя. Вновь прибывший новый сотрудник на новом рабочем месте сразу приступила к проектному исследованию на тему «Отбор и оценка образовательных инноваций и проведение педагогического эксперимента» по междисциплинарным исследованиям проблемы эффективности и качества научных исследований в сфере образования. Она вместе с Ахметовой Айгуль Игеновной, Акбаевой Асель Бакировной внесла свой вклад в развитие проблемы подготовки будущих педагогов, работая под руководством директора института Педагогики и психологии КазНПУ имени Абая Абаевой Галии Аскарбековны. Небольшая

наша команда ученых в партнерстве с Ин-ститутом образования ВШЭ (Москва, Россия) подготовила конкурсную программу КИВО-Казахстан (2021) для казахстанских креативных молодых разработчиков интересных прикладных проектов. Наш партнер и директор Конкурса инноваций в образовании Королева Диана (ВШЭ) отметила: *«До попадания в финал проекты проходят несколько этапов оценки. Можно сказать, что это «огонь, вода и медные трубы».* На первом этапе эксперты оценивают текстовые заявки, сначала отбирается «золотая сотня проектов», а дальше из неё формируется 30-35 проектов, которые выходят на Летнюю школу. Следующий этап – прохождение акселерационной программы. В этом году она проходила в режиме онлайн. В течение месяца команды ежедневно занимались с экспертами и трекерами, и в заключение представили свои проекты жюри. Оценки питчей, сделанных в Летней школе, а также прогресс команд за это время послужили отправной точкой для формирования финального списка проектов, которые попадут в финал КИВО и представят свои проекты жюри, инвесторам и широкой общественности. Мы рады, что в этом году Казахстан крайне активно участвует в международном проекте. Вместе с командой КазНПУ им. Абая нам удалось сформировать базу данных образовательных инноваций и выбрать инициативы для проведения педагогического эксперимента. Таким образом, можно будет говорить о доказательности эффективности инноваций, обсуждать лучшие практики, давать рекомендации стейкхолдерами и представителям образовательных стартапов. В конкурсе приняли участие команды в составе 2-6 человек, работающих над образовательным проектом, без ограничений по возрасту и опыту. В финале международного конкурса победителем стала команда от Казахстана, которая разработала социальный проект «QPSY – Цифровизация психологии» – платформа для оказания психологической помощи и социально-педагогической поддержки школьникам и молодежи».

Вместе с тем, Толешова Улмекен Болатовна в рамках исследовательских проектов «Синергетические основы и эвтагогика для саморазвития личности и развития духовно-нравственных качеств» (по приоритету: Научные основы «Мәңгілік ел» (образование XXI века, фундаментальные и прикладные исследования в области гуманитарных наук, гос.рег. номер AP08856223), «Жасөспірімдердің бос уақыттарын тиімді ұйымдастырудың педаго-

гикалық технологиялары» (2022) (КазНПУ имени Абая, договор-соглашение №8, 11.02.2022 г.) разработала различные авторские тренинговые программы, учебные пособия и опубликовала научные статьи для высокоцитируемых журналов республиканского и международного уровня.

Разработанные ею учебные пособия и УМК были апробированы в учебном процессе кафедры дошкольного образования и социальной педагогики и опубликованы как результат проектных исследований, которые были использованы в преподавательской деятельности Толешовой Улмекен Болатовны. Ею были разработаны следующие учебные и методические пособия: «Педагогикалық коучинг», «Денсаулық психологиясы» (2018), «Психологияны оқыту әдістемесі» (2018), «Арт-терапиялық практикум» (2018), «Тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбиесі» (2018), «Педагогикалық анимация» (2018), «Театралды педагогика және педагогикалық артистизм» (2019), «Педагогикалық коучинг» (2020), «Білім берудегі арт-технологиялар» (2020), «Әлеуметтік педагогикалық іс-әрекеттерді жобалау негіздері» (2021). Она преподавала следующие дисциплины: «Әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың статистикалық әдістері», «Әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану мұғалімі жұмысындағы мониторинг», «Жетім балаларға арналған ұйымдардағы әлеуметтік-педагогикалық жұмыс», «Педагогикалық анимация».

В процессе исследовательской работы проявленные ею личностные качества: поиск и творчество, эрудиция и требовательность являлись фундаментом ее успешности в профессиональном самосовершенствовании. И в общении с коллегами ее тактичность и осторожность показывает уровень корректного поведения. Будучи оптимистом, она могла в команде создать мажорный тон. Доверие и уважение коллег – самая дорогая награда.

С ней всегда было по-человечески легко и просто общаться. Сотрудники кафедры «Дошкольное образование и социальная педагогика» КазНПУ имени Абая могли просто заглянуть ей в глаза, услышать ее уверенный голос, поговорить о жизни, сказать спасибо за то, что она была с нами в коллективе и проявляла активность. Горько сознавать, что нас покинул талантливый, полный сил человек, который мог сделать еще очень много для науки и образования Казахстана.

Ұрпаққа үлгі болар ізі бар жан...

М. ШАУЕНОВА

Өз ісінің майталманы атанған жанның жарқын бейнесі замандастарының да, әріптестерінің де, алдын көрген шәкірттерінің де жадынан мәңгілік өшпек емес. Педагогика және психология институтының «Мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика» кафедрасына алғаш келген сәттерінен бастап Төлешева Ұлмекен Болатқызы адалдығы мен парасаттылығы, кішіпейілділігі мен мейірімділігі және аса ілтипаттылығымен танылған жан ретінде есімізде қалмақ. Иә, есімізде қалмақ, «Неге?» өйткені кеше ғана арамызда жүрген жарқын жүзді, абзал жан «Ұлмекен Болатқызы бақилық өмірге аттаныпты» деген суық хабарды естігенімізге бүгін міне 19 күн өтіпті. Айту былай тұрсын, тіпті ойлаудың өзі аса ауыр тиетін осы бір естелікті жазу қаншалықты қиын екенін жеткізу де оңай емес екенін түсіндім. Қамшының сабындай ғана қысқа ғұмырындағы еңбек жолын ұстаздық етуге арнаған ол, Қазақстанның бірнеше ЖОО мен әртүрлі білім беру және мемлекеттік маңызды орталықтарында, мекемелерде педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету бойынша аянбай еңбек етіп, тер төккен жан. Ұлмекен апайымыз тек кафедра ұжымы арасы, қала берді институтта да емес, жалпы университет аясында жылдам танылып, студенттер қауымының ұстазы, ақылшысы, жанашырына айналып, өзі қалаған қызметтің хас шебері ретінде танылды. Білім, ғылым жолында аянбай тер төккен Ұлмекен апайымызды бергенінен берері көп өр мінезді, дүниетанымы кең, өзіндік пікірі қалыптасқан, айтар ойы бар жан ретінде құрмет тұтамыз. Шәкірттерінің ғылым жолындағы алғашқы қадамдарына жол көрсете білген алғыр, нағыз жанашыр бейне. Ол оқытушылық пен ғалымдықты қатар ала жүріп, ізін басып келе жатқан жас буын ғалымдар мен шәкірттеріне нағыз үлгі боларлық ұстаз атанды. Талай ғылыми тақырыптарға қалам тартып, терең бойлай білген ғылыми еңбектері мен ізін басқан шәкірттеріне айтқан ақылы естілер есінде жаңғырып тұрары анық.

Ұлмекен Болатқызының, қимас дос, өте сауатты, ғылымды ерекше сүйетін, еңбекқор, жауапкершілігі жоғары, ақ жарқын бейнесі жадымызда мәңгі қалмақ ...

STEAM білім беру – мектепке дейінгі мекемеде мақсатқа қол жеткізудің әмбебап құралы

Ұ. ҚЫЯҚБАЕВА,
Ұ. ТӨЛЕШОВА

Қазіргі таңда білім беру саласында болып жатқан өзгерістердің барлығы Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталуда. Балаларды дамыту мен оқытудың талаптарының өзгеруіне байланысты мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту трансформациялануда. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында [1], Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны балалардың бойында «креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға» бағытталғандығы көрсетілген. Бұл білім беру мазмұнының түйінді идеяларының бірі – мектеп жасына дейінгі балалардың бойында 4K моделінің дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Сонымен қатар «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінде» мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесінде шешуді талап ететін өзекті мәселелер анықталған [2].

Соның ішінде:

- балалармен жұмыста қолданылатын әдістер мен нысандардың заманауи талаптарға сәйкес келмеуі;
- балалардың танымдық қызығушылықтары мен білуге құмарлығы, дербестігі жеткілікті ескерілмеуі;
- білім берудің әр түрлі деңгейлерінде алынатын негізгі дағдылар жиынтығындағы сәйкессіздіктің өмір бойы оқыту жүйесін (lifelong learning) құруға кедергі жасауы.

Қазіргі уақытта әлемде төртінші технологиялық революция болып жатыр: ақпараттың қарқынды ағыны, жоғары технологиялық инновациялар мен әзірлемелер біздің өміріміздің барлық салаларын өзгертіп жатыр. Қоғам сұранысы да, жеке тұлғаның қызығушылықтары да өзгеріп жатыр.

STEAM – оқытудың біріктірілген тәсілі, оның шеңберінде академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір

негізінде зерттеледі. Сол себепті бәсекеге қабылетті елдер қатарында болу үшін STEM білім беру мен оқуды бірдей бағытта ілгерілетуіміз керек. Бұндай тәсілдердің мақсаты – мектеп, қоғам, жұмыс және бүкіл әлем арасында STEM сауаттылықты дамытуға, экономикаға, бәсекеге қабілеттілікті арттырады.

Қазіргі заман ол қарқынды дамып жатқан, күрделі технологиялық және инновациялық қоғам. Бұл ортада әлсіз топтар тасада қалып, дамыған топтар жақсы жетістіктерге жетуде. Бұл деңгейге қалай жетуге болады. Осы орайда білім мен ғылымды, өнерді ұштастырар STEAM технологиясымен жұмыс жасау тиімді болмақ. Және оны мектеп қабырғасынан білім алушыларға сіңіре отырып, жетістіктерге жетуге болады.

STEM технологиясының құндылығы мен маңыздылығы – түрлі ғылым салаларының біріге дамуына ықпал етеді. Бұрындары мектепте оқушылар тек кітапта берілген, мұғалімнің нұсқауымен ғана жұмыс жасаса, қазірде бұл аздық етеді. Тапсырманы орындап болып, сол бойынша өзіндік тұжырым жасап, зерттеу, бақылау, дамыту жұмыстарын жүргізеді.

Қазіргі кезде цифрлық технологияның жедел дамуы мен адам қызметінің барлық саласын цифрландырудың жылдам дамуымен байланысты STEM білім беру маңызды және өзекті мәселе, білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде ерекше назар аударуды талап етеді. Біріншіден, қазіргі білім беру процесі ресми және бейресми білімнің интеграциясымен сипатталады, бұл білім мен дағдыларды алудың нақты орнына қарамастан, білім алу процесінен оны тануға және бағалауға баса назар аударуды білдіреді. Бұл жалпы білім беру жүйесіндегі қосымша білімнің рөлін арттырады, бұл олардың білім алу процесінде маңыздылығын теңестіреді.

Ғылым, математика, технологиялар және инженерия сияқты басты академиялық салаларда бір мезгілде даму керек, оларды STEM (science, technology, engineering and mathematics) деген бір сөзбен біріктіріп атауға болады.

STEM дегеніміз – оқытудың біріктірілген тәсілі. Яғни, бұл тәсіл аясында академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контекстінде зерттеледі. Мұндай тәсілдің мақсаты – мектеп, қоғам, жұмыс және бүкіл әлем арасында STEM-сауаттылықты дамытуға және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды орнату. STEM – оқытудың біріктірілген тәсілі, оның шеңберінде академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контекстінде зерттеледі. Бұндай тәсілдің мақсаты – мектеп, қоғам, жұмыс және бүкіл әлем

арасында STEM-сауаттылықты дамытуға және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды орнату (Tsupros, 2009) болып табылады [3].

STEM-білім беру оқуды және мансапты қосатын көпір болып табылады. Оның тұжырымдамасы балаларды технологиялық тұрғыдан дамыған әлемге дайындайды.

STEM әлемдік жүйесінің жаңа тренді білім беру робототехникасы болды, ол бағдарламалау және құрастыру дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді, STEM төрт компонентінің интеграторы болып табылады. Мысалы, 2015 жылы «STEM» үшжылдық жобасы іске қосылды (Австрия, Болгария, Греция, Мальта және Ұлыбритания), ол оқушылардың ғылыми-техникалық салаға деген қызығушылықтарын қолдау үшін білім беру робототехикасын шығармашылық және сыни қолдануға бағытталды.

Заманауи балалардың көпшілігі бүгінгі күні әлі жоқ мамандықтарды игеріп өседі. Болашақ мамандарға технология, ғылым мен инженерияның түрлі саласынан жан-жақты дайындық пен білімдер қажет.

STEAM біздің балаларға шабыт береді, болашақ ұрпақ – жазашылар мен көшбасшылар, өнертапқыштар ғалымдар тәріздес зерттеулер жүргізеді, технологтар сияқты модель жасайды, инженерлер сияқты құрастырады, суретшілер сияқты жасампаз, математик сияқты талдау жасайды және балалар сияқты ойнайды.

Бүгінгі күні STEAM білім беру негізгі әлемдік трендтердің бірі ретінде барлық бес бағытты оқытудың бірыңғай сызбасын дамыту мен пәнаралық және қолданбалы тәсілдемені қолдануға негізделген. Мұндай оқытудың міндетті шарты болып, оның балалардың жұмыс топтарында үздіксіз оқыту мен өзара әрекеттесуі болып табылады. Мұнда олар ойларын жинақтап, пікір алмаса алады. Сондықтан абстрактілі және логикалық ойлауын дамыту үшін, Лего-технология модульдері қажет. Балалардың тәжірибелі-экспериментальды қызметі мен балалардың зерттеу қызметі негізгі білім беру бағдарламасына енеді.

STEM тәсілі арқасында балалар болып жатқан құбылыстардың логикасын, олардың өзара байланысын түсіне алады, әлемді жүйелі түрде зерттеп, сонымен бірге өздерінің зеректігін дамытады, инженерлік ойлау стилі, қиын жағдайлардан шыға білу, командада жұмыс істеу дағдысы қалыптасады және менеджменттің негіздерін меңгереді, өз кезегінде олар баланың дамуын жаңа деңгейін қамтамасыз етеді.

STEAM – акроним, ол science, technology, engineering, mathematics, art сөздерінен тұрады (ғылым, технология, инженерия, өнер, математика). Осы пәндер бір-бірімен байланысты тез темппен қатар дамиды. Жақында біз бен сіз елестете алмайтын мамандықтар пайда болады, олардың барлығы жаратылыстану ғылымдары саласы технологиясына қатысты [4].

STEAM – әлемдік білім беру трендтердің бірі, ол оқытудың аралас орта деп түсініледі және балаға күнделікті өмірде ғылым мен өнерді бірдей қалай қолдану керектігін көрсетеді.

Бүгінгі таңда басымдық техникалық бағыттың дамуына берілді. Жаңа үлгідегі инженерлер мен ғалымдарды өсіру мақсатында ғылым мен бизнес және мемлекеттің күшін бірігуін қамтамасыз ететін балалардың техникалық қабілеттерін қарқынды дамуын қалыптастыру қажет. Ойлау жасампаздығы ХХІ ғасырдың жетекшілік құзыретінде, сондықтан мектепке дейін білім беру даму векторы STEAM білім беру мүмкіндіктері мен шектерімен сәйкес келеді.

Экономиканың даму тарихы бірі-бірінен алшақ болып көрінетін ғылымның түрлі салаларының өзара ықпал етуінен тұрады. ХХІ ғасырда түрлі ғылымдар тоғысында маңызды жаңалықтар мен жаңа технологиялар жиі болады. Объекті, зат не процестің (түрлі салаларда оқытылатын қасиеттері) кей бөліктерінен біртұтас ету, қоршаған ортаны бұзылған тұтастық пен бірлікті толықтыру - «интеграция» болып табылады, бұл мектепке дейінгі балалар мен ересектердің жалпы және қосымша білім беру жүйесі мазмұнының өзекті жаңашылдығы және жобалық қызметін жүзеге асыру үшін нақты алаңы болып табылды.

STEAM білім беру моделін жүзеге асыру бүгінгі күні жүзеге асырылып жатқан көптеген жобалардың маңызды компоненті, жалпы білім беру жүйесінің жаңа пәндік-кеңістік құруға байланысты, мазмұнның жаңаруы, бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету, материалды-техникалық базасы, әсіресе білім беру жүйесіндегі кадрлар потенциалының дамуы. Осы өзгерістердің бәрі қысқа мерзімде біздің мектепке дейінгі мекемемізде атқарылды.

Қазіргі таңда заманауи мектепке дейінгі білім беру жүйесіне «Неге үйрету? Неде үйрету? Қалай үйрету?» триадасы өзекті. Осы триадада оқыту құралдары педагогтың қызметі мен балалардың оқу қызметін ұйымдастыруын қағида тұрғысынан қайта құру болып табылады. Егер оқыту құралдары мен оқу жабдықтары:

- Білім берудегі стратегиялық өзгерістерге;
- Дұрыс әдістемелік қамтамасыз етуімен енгізілсе;
- Педагогтердің тиісті оқытуымен ілесіп жүрсе және оқыту нәтижелерін анықтай алады.

Мектепке дейінгі білім беру саласы таза күйінде болмайды. Әрдайым интеграция болып тұрады, ал LEGO құрастыруды қолдану, балалардың эксперименттеу орталығы көмегімен мектеп жасына дейінгі балалардың тәртібін зерттеуде оңай қолдануы мүмкін, әлеуметтік-коммуникативті дамуы білім берудің басқа салаларымен шығармашылық құрастыру жөнінде айтқанда танымдық дамуың, оның ішінде көркем-әсемдік дамуымен техникалық құрастыру да енеді.

Жаңашылдық: бұрын белгілі болған және балалар тәжірибесінің заманауи әдістемелерінің кешенді элементтерін және LEGO-технологияларды пайдалану есебімен мектепке дейінгі білім беру мекемесінің негізгі білім беру бағдарламаларын интеграциялау.

STEM білім берудің міндеттерін шешуі. Планета STEAM – ойын жинақтары құрастырушысы болады. Сабақ барысында балалар 3-жасынан сұрақтар қойып процестерді зерттей алады; өздерінің ойлары мен гипотезаларын айта алады; сабақ барысында қол астындағы материалды пайдалана алады; есептерді мүмкіндіктер мен қателіктер әдісі арқылы шешеді; қолдан жасалған бұйым дизайнында қатысады; өлшемді, жылдамдық пен қашықтықты өлшеу мен салыстыру.

Оқытуда маңызды шарты – балаларды жұппен немесе топпен жұмыс істеу қызметі болып табылады. Осы форматта оларға қатынасқа түсу, ой бөлісу, жеңіл әрі қызықты болады.

STEM білімінің артықшылықтары [5]:

Пәндер бойынша емес, тақырыптар бойынша интеграцияланған оқыту;

Нақты өмірде ғылыми-техникалық білімді қолдану;

Сыни ойлау және проблемаларды шешу дағдыларын дамыту;

Өз күшіне деген сенімділікті қалыптастыру;

Белсенді қарым-қатынас және топтық жұмыс;

Техникалық пәндерге қызығушылықты дамыту;

Жобаларға креативті және инновациялық тәсілдер;

Әр баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып,

балалардың іс-әрекеті арқылы техникалық шығармашылыққа деген ынтаны дамыту;

Ерте кәсіптік бағдарлау;

Балаларды өмірдің технологиялық инновацияларына дайындау.

STEM білім берудің басты мақсаты – дәстүрлі білімге тән практикалық міндеттерді шешуден алшақтықты еңсеру және балаларға түсінікті оқу пәндері арасында байланыс орнату.

Нені үйрету және үйрену керек:

- сыни тұрғыдан ойлау;
- өзіне жауапкершілік алу және шешім қабылдауға;
- интерактивті модельдер жасау;
- өз өнімдеріңізді жасауға;
- жобалық мәдениетті меңгеру;
- өз тәжірибеңізге сүйенуге.

STEM тәсілі арқылы мектепке дейінгі балалар болып жатқан құбылыстар логикасын, олардың өзара байланысын түсіну, психологиялық таным процестерін; әлемді жүйелі зерттеу, сонымен бірге өздерінде зеректікті, инженерлік ойлау стилін, қиын жағдайлардан шығу жолдарын қалыптастырады. Сонымен қатар балалар менеджмент пен өзін-өзі таныстыру негіздерін меңгереді, бала дамуының жаңа деңгейін қамтамасыз етеді.

Мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының дамуы үшін оның табиғат пен адамның өзара байланысы туралы түсініктерін игеруі, қызығушылық пен танымдық мотивацияның, танымдық іс-әрекеттің, сананың қалыптасуын қамтамасыз ететін қоршаған ортамен практикалық өзара әрекеттесу тәсілдерін игеруі ерекше маңызды.

STEAM оқыту тәсілі бүгінде білім берудегі ең заманауи және перспективалы тенденция деп аталады. Мұндай тәсіл Батыс елдерінің көпшілігінде көбірек қолданыла бастады.

STEAM аббревиатурасы science, technology, engineering, art, mathematics (ғылым, технология, инженерия, өнер, математика) сөздерінен тұрады. Бұл пәндер бір-бірімен байланысты және синхронды және жылдам қарқынмен дамиды. Жақында бізге елестету қиын мамандықтар пайда болады, бірақ олардың барлығы жаратылыстану ғылымдары тұрғысынан техно-

логияларға қатысты болады. Бүгінгі мектеп жасына дейінгі балалар:

- Әлі жоқ мамандықтар бойынша жұмыс істеу;
- Әлі жасалмаған технологияларды пайдалану;
- Біз болжай алатын мәселелерді шешу сынды озық даму мақсаттарына сәйкес келуі тиіс.

Бүгінгі таңда STEAM – білім беру негізгі әлемдік трендтердің бірі ретінде дамып келеді және пәнаралық және қолданбалы тәсілдерді қолдануға, сондай-ақ барлық бес бағытты біріңғай оқыту схемасына біріктіруге негізделген. STEAM – бұл жеке пәндерді оқытпайтын, бірақ күрделі оқу жобаларын орындау аясында оларды бір-бірімен байланыстыруға мүмкіндік береді.

STEAM білім беру жүйесі балалардың танымдық зияткерлік қабілетін дамыта отырып, ғылыми техникалық шығармашылыққа бағыттайды.

STEAM оқытудың біріктірілген тәсілі, ол 6 білім беру модулінен тұрады [6].

1. Ф. Фребель сыйы жиынтығы;
2. Эксперимент;
3. Робототехника;
4. LEGO конструктор;
5. Математика;
6. Мультстудия.

Ф. Фребель сыйы жиынтығында балалар қарапайым заттардан тәжірибе жасап үйренеді, танымдық қабілеттері артады, қабылдау, ойлау, сөйлеу, зейін, есте сақтауды дамытады. Сенсорлық дағдылары дамиды.

Эксперимент білім беру модулінде тірі және өлі табиғатты зерттеу арқылы табиғат құбылыстары жөнінде қарапайым түсініктері қалыптасады. Экологиялық көзқарастары кеңейеді. Тәжірибелер жасау және алған нәтижеден тұжырым шығаруға үйренеді.

Робототехника білім беру модулінде робототехникалық құрылымдарды игереді, құрастыру арқылы қозғалыс, қашықтық, температура деген сөздерді ұғынады. Өз беттерінше роботтар жасауға үйренеді.

LEGO конструктор білім беру модулінде логикалық ойлау қабілеттері дамиды. Шығармашылық деңгейі артады.

Математика білім беру модулінде қарапайым математикалық ұғымдарды меңгереді яғни заттарды салыстыру, сипаттау, кеңістікті бағдарлау туралы ұғымдары қалыптасады.

Мультстудия білім беру модулінде таныс ертегілерді кейіптендіру, ертегі құрастыру арқылы шығармашылық қабілеттері артып, сөздік қорлары дамиды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үдерісін жаңаша ұйымдастыру педагог-тәрбиешінің өзін-өзі дамытуына қолайлы жағдай жасай отырып, оның шығармашылық қабілетінің артуына септігін тигізеді. Сондықтан, ғылыми-техникалық прогрестен қалмай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір педагог-тәрбиешінің негізгі міндеті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 Бұйрығы);
2. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 Қаулысы);
3. Поддъяков Н.Н. Сенсация: открытие новой ведущей деятельности // Педагогический вестник. 1997. №1. – С. 6;
4. Сидорова, А.А. Как организовать проект с дошкольниками / авт.- сост. А.А. Сидорова. – М.: ТЦ Сфера, 2016. – С. 128;
5. Симонова, В.Г. Развитие творческих способностей дошкольников на занятиях по ЛЕГО-конструированию: Методическое пособие. / В.Г. Симонова. – Ульяновск, 2009. – С. 36;
6. Тугушева Г.П., Чистякова А.Е. Экспериментальная деятельность детей среднего и старшего дошкольного возраста: Методическое пособие. – СПб.: «Детство-Пресс». 2013.

Жүрегімнен орын алған Ұлмекен апайым

М. САҒЫМБЕК

Аяулы ұстазымыз – Ұлмекен апайымыздың ауырып жүргенін естіп жүргенімізбен, әттең оның өмірден ерте, мәңгі келместің сапарына кететінін білген жоқпыз. Апайымыздың арман-мақсаты көп еді. «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» деп бекер айтылмаса керек. Шәкірт үшін Ұлы ұстаздың болуы заңды құбылыс! Ал шәкірттің Ұлы болуы, яғни ұстазына ұлылық көрсетуі сирек құбылыс. Біздің Ұлмекен апай Ұлы ұстазға Ұлы шәкірт бола білген және өзінің ұстазына деген асыл мұрат, ұстанымымен де біздерге – шәкірттеріне де үлгі, өнеге қалдырды. Ұлмекен апайдың Ұлы ұстазы кім екенін кез келген шәкірті біледі. Ол – терең білімге, берік ұстанымға және үлкен азаматтық даналыққа ие болған Қазақстандағы психология ғылымын дамытқан ғалым Құбығұл Жарықбаев. Ұлмекен апай студент кезінен- ақ Құбығұл Жарықбаевтың өзін ғылымға баулып, баланы мектепке дайындаудың психологиялық астарларына, жастардың еңбек тәрбиесі мен мамандық таңдау, ақыл-ой, сезім, ерік-жігер қасиеттерінің қалыптасуы секілді толып жатқан тәлімдік, танымдық сипаттарына психологиялық-педагогикалық тұрғыдан зерттеуіне және ғылымда өзіндік келбетін қалыптастырудағы орнын ерекше мақтанышпен айтатын еді.



Біздерге, яғни магистранттарына, қазіргі заманғы жоғары білім беру саласындағы басты проблемалардың бірі – жастардың білім беру саласындағы құндылықтар жүйесінің өзгеруіндегі ұстанымдарына көңілінің толмайтынын қынжыла айтатын еді. Магистранттардың білімді, іскерлікті, дағдыны және таным тәсілдерін, оқуға саналы түрде қарауға, оқу қызметінде белсенді болуға ынталандыратын мақсаттар, қажеттіліктер мен міндеттер жүйесін меңгеруде керемет мотивация беретін еді.

Ұлмекен Болатқызы біздерге мектепке дейінгі білім беру саласының ерекшеліктері туралы жан-жақты түсіндіре отырып, кәсібиліктің анықталу мәселесіндегі дәстүрлі және диагностикалық зерттеуді қолданудың

қажеттілігін, психология мен педагогикадан еңбек субъектісі ретінде біздерге мектепке дейінгі болашақ педагогтарға бағыт-бағдар беруден еш жалықпайтын еді.

Ұлмекен Болатқызы – біздің ғылыми жетекшіміз еді. Жүзі жарқын, көңілді, әрқашан бізбен әзілдескенді ұнататын еді. Ұлмекен Болатқызының базалық мамандығы «психолог» болғандықтан, ал менің бакалаврда бітірген мамандығым педагог-психолог болғандықтан болар, ол мені өзіне жақын тартып, менің болашақ әріптесім боласың дейтін. Үнемі менің сұрақтарыма жауап беріп, диссертациялық жұмысыма шын ниетімен көмектесетін. Менің жадымда қалған Ұлмекен апайым туралы жағымды естелік ол – мені өзімен бірге республикалық, қалалық деңгейде өтетін психологиялық іс-шараларға апарып, психологиялық тренингті қалай жүргізудің жолдарымен таныстыратын еді.

Ұлмекен апай таңнан кешке дейін шапқылап жүрсе де, шаршағанын ешкімге білдірмей, басқа адамдармен тренинг жүргізу арқылы позитивті энергиясын бәрімізбен бөлісетін. Осындай іс-шараларға қатысқан кезде, менің көзімнің жеткені – Ұлмекен апайдың өз мамандығының көсібі, білікті, креативті, жаңа форматтағы ұстаз-ғалым екені. Мен үшін Ұлмекен апайымның қасында жүріп өткізген түрлі бағыттағы тренингтері маған сабақ, үлкен тәжірибе болды.

«Ғалымның өзі өлсе де, хаты өлмейді» деген сөздің қаншалықты қасиетті екенін, ғылыми жетекшім Ұлмекен Болатқызының: «Мектеп жасына дейінгі шақ заманауи психологияда баланың өзіндік санасының дамуында, эмоциялық саласының қалыптасуында және оның әлеуетті мүмкіндіктерінің ашылуында маңызды орын алатын кезеңдердің бірі ретінде қарастырылады», - деп айтқан сөзі менің санамда мәңгі есте қалды.

Ұлағатты ұстаздың еңбегі кішкентай шыбықты күтіп-баптаған бағбанның еңбегіндей, өз нәтижесін араға жылдар салып, асықпай беретіні белгілі. Сол сияқты талай қазақ қыздарының жан дүниесін анасындай ұғынып, көңілі мен көкірегіне жан нұрын, білім жарығын дарытқан, әр шәкіртінің жан дүниесін өсіре, бағалай білген Ұлмекен Болатқызындай асыл ұстаздың еңбегі мәуелі биік шынар ағашындай жылдар өткен сайын өз жемісін молайта бермек, әр шәкіртінің зердесінде жаңғыра бермек. Мектепке дейінгі білім беру саласын мүмкіндігінше өркендете беруіміздің қажеттілігін, жүзеге асыруды өзімнің шәкірттік парызым деп санаймын. Әруағыңнан айналайын, қадірлі де ұлағатты Ұлмекен апайым, әрқашан мен сияқты мың-сан шәкірттеріңіздің дұғасындасыз!

Сөзімнің аяғында, аяулы, ұлағатты ұстазымның жатқан жері жайлы болып, жаны пейіштен орын алсын дегім келеді.

Сана мен дене үйлесіміндегі салауатты өмір салты

А. СЛАМКУЛОВ

Аңдатпа

Мақалада философия мен психологиядағы сана-дене мәселелері мен сана және дене үйлесімінің ерекшеліктері қозғалады. Сана мен дене үйлесімділігін қалыптастырудағы салауатты өмір салтының қырлары сипатталған. Салауатты өмір салты тұлғаның өзін-өзі дамытуы мен шыңдауына, тіпті қоғамдық денсаулықтың нығаюына нақты бағыт-бағдар береді. Сонымен қатар мақалада салауатты өмір салты тек сана мен дене үйлесімділігі ғана емес дені сау ұлттың қалыптасуына жол ашатыны көрсетілген.

Түйін сөздер: сана, сана-дене, дене мәдениеті, салауатты өмір салты, денсаулық, дене тәрбиесі.

Дені сау ұрпақ – ұлтымыздың келешегі. Ұлт денсаулығын жақсарту әр кез мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып келеді. Соның ішінде әсіресе, салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселесі басты бағыттардың біріне айналған. Демек, салауатты өмір салтын қалыптастыру арқылы ұлт денсаулығына қол жеткіземіз, сонымен қатар рухы биік, санасы сергек, денесі мығым тұлғалар тәрбиелей аламыз.

Өскелең ұрпаққа саналы тәрбие беру, олардың рухани күштерін жетілдіру арқылы өзін-өзі тану және тәрбиелеу, терең ой-сана мен дене мәдениетін қалыптастыру мәселелері көрнекті ғұлама-ойшылдар Әл-Фараби, Ж. Баласағұн, Қ.А. Ясауидің және т.б. еңбектерінде көрініс тапқан. Сонымен қатар қазақ ағартушылары Ы. Алтынсариннің, А. Құнанбаевтың, Ш. Уәлихановтың еңбектерінде де бұл мәселеге үлкен мән беріледі. Сана және дене мәдениеттерін өзара сабақтастықта пайдалану туралы құнды пікірлер А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, Ш. Құдайбердиевтің еңбектерінде де зерделенген [1].

Кез келген елдің болашағы – оның басты құндылығы – халқының денсаулығына байланысты. Біздің болашақтағы бағытымыз – салауатты өмір салты. «Денсаулық», «Салауатты өмір» ұғымдары денсаулықты сақтаудың басты терминдері ретінде У. Жәнібеков, К.С.

Әбішев, К.Д. Ордабаев, А.К. Айтпаев, К.Б. Жарықбаев, В.В. Цистов, К.Ж. Қожахметова және т.б. зерттеуші ғалымдар еңбектерінің өзекті мәселелері болып табылады және қазіргі кезде де жаңаша өрлеу үстінде. Педагогика саласындағы бірқатар зерттеуші ғалымдар Н.М. Амосов, Д.Ф. Ақбердиева, В.В. Колбанов, Г.К. Зайцев, И.И. Соковня-Сейшона, А.С. Иманғалиев, Г. Сисенғалиева, Т.Г. Тынынбаева, Ж.З. Торыбаева, С. Исаев, Е.Г. Жук және т.б. еңбектерінде салауатты өмір салтына тәрбиелеудің педагогикалық стратегиясы білім алушының алған, алатын білімі мен тәжірибесі негізінде жүргізілуі, орындалуы тиісті деп көрсетеді және де салауатты өмір салтына тәрбиелейтін кезеңді тізбектей анықтау қажет екендігін айтады [2].

Болашақ ұрпақтың салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселесі білім беру жүйесінде де мықтап қолға алынып келеді. А.С. Иманғалиевтің пікірінше «салауатты өмір салты» адам ағзасының резервтік мүмкіншіліктерін жетілдіретін күнделікті тіршілігінің типтік формалары мен тәсілдері, әлеуметтік және кәсіби қызметтерін саяси, экономикалық, әлеуметтік-психологиялық жағдайлардан тәуелсіз орындауды қамтамасыз ету. Г.Д. Әлімжановтың ойынша салауатты өмір салты «білім, ептілік, дағдыланумен байланысты, оның негізінде әрбір білім алушының денсаулығы, күнделікті шынығу әдістемелері жатыр». Ж.З. Торыбаеваның пікірінше тұлғаның салауатты өмір салты, жан жақты дамуы әлеуметтік тәжірибені меңгеру іс-әрекеттіліктерімен сипатталады. Салауатты өмір салты – еңбек ету және демалыс режимдері, тамақтану жүйесі, даму мен шынығу жаттығулары, өз-өзіне және өзгелерге қарым-қатынастық, тұрмыстық, өмірлік мақсаттылықтар. Яғни, салауатты өмір салты өте күрделі және жан-жақты ұғым. Оған тек қана медициналық, биологиялық және психологиялық компоненттер ғана кіріп қоймай сонымен қатар әлеуметтік, экономикалық, экологиялық құрылымдар да кіреді [3].

Халқымыздың тіршілігі мен бірлігі, жарқын келешегі көп ретте денсаулық мәдениетінің қаншалықты дәрежеде қалыптасуына байланысты. Денсаулық – ел дамуының басты арқауы, тән, рухани және әлеуметтік игіліктің жиынтығы. Денені үнемі шырықтыру, шынықтыру, сананың сапа деңгейін көтеру, интеллект өрісін биіктету, рухыңды шыңдау – бәрі де денсаулыққа қызмет етеді. Қазіргі уақыттағы әлеуметтік-экономикалық жағдай, тіршілік деңгейінің құлдырауы және экологиялық қолайсыздық Қазақстан Республикасының бүкіл халқының, әсіресе, өскелең ұрпақтың денсаулығына кері әсерін тигізуде.

Салауатты өмір салты – бұл ең әуелі денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған сауықтыру жолындағы белсенді іс-әрекет.

Адамның өмір салты өздігінен қалыптаспайды, ал салауатты өмір салты өмір сүру барысында мақсатты түрде қалыптасады. Қазіргі мәліметтер бойынша денсаулық 53-55%-ға салауатты өмір салтына тәуелді болады екен. Бұдан салауатты өмір салтын ұстанудың қаншалықты маңызды екендігі айқын. Бірінші байлық – денсаулық дейміз. Бірақ осы сөздің салмағын, жүктер жауапкершілігін көбіне сезбейтін де, мойындамайтын да сыңайлымыз. Сана мен дене үйлесімділігіне қол жеткізу арқылы біз салауатты өмір салтын қалыптастыра аламыз. Ал, осы мәселелерге тоқтала кетсек. Жан мен тән, сана мен дене мәселелері бір-бірінен қалай ерекшеленеді?

Сана – бейнеге сүйене қоғаммен қарым-қатынасқа түсе алатын адам қабілеттілігі, адамның заттармен байланыс іс-әрекеті, табиғи және мәдени қатынасы, қашықтағы, жақындағы адамдар өзара қатынасы мен қызметі, яғни осы образдарды өзінің мінез-құлық бағытында әдіс-тәсілі ретінде пайдалану. Сана түсінігі бұл психика түсінігі; психика тірі жанның қоршаған ортамен тікелей байланыс тәсілі (сондай-ақ жеке адам) деп түсіндіріледі, демек олардың өмірлік үрдістерінде әсерлендірушісі және көрінісі ретіндегі, психикалық қабілеттілік жыйынтық, табиғи және ғарыштық ырғақтар байланыстарында адамның қоғамдық және мәдени іс-әрекеттерінде өз-өзіне бағыт-бағдар жасай алуы мен басқара алатын қабілеттілікпен қамтамасыз етуі.

Сана – жоғары ұйымдастырылған материя – мидың жемісі. Ол эволюция процесінде қалыптасқан адамның психологиялық әлемінің ерекше қабілеті.

Көне заман философиясында сана деп – адамның өмірінде аса маңызды рөл атқаратын ішкі әлем – жан есептелінді. Тән өткінші, ал жан мәңгілік. Демокрит жанды ерекше сезімдік атомдардың жиынтығы деп ойлады.

Орта ғасырларда сана мен ақыл құдайдың маңызды атрибуттары ретінде, ал Қайта өркендеу дәуірінде табиғаттың қасиеті деп қарастырылды.

XVIII ғасырдағы француз материализмі сананы – адам миының ерекше функциясы деп анықтап, оның көмегімен адам сыртқы дүниені бейнелейді деп есептеді.

Сана – объективті әлемнің субъективті образы. Сана, ең алдымен, адамның табиғатқа, қоғамға, басқа адамға сонымен қатар, өз-өзіне деген қатынасы. Сана – болмысты түсіну, ұғыну, бейнелеу. Ол болмыстан келіп шығады.

Сана – ол әр уақытта өзіндік сана, яғни адамның өзін басқа әлем-

нен бөлуі, өз өмірінің мағынасын түсіну, өзінің іс-әрекетінің негізгі мақсаттарын белгілеуі. Сананың өзегі сыртқы дүние туралы ғылыми емес мәліметтерді жинақтайтын білімдер болып табылады.

Ғылым мен философия сананы туынды, екінші қатардағы құбылыс деп қарастырады. Мұның мәні неде? Біріншіден, сана – табиғаттың ұзақ эволюциясы мен бейнелеу формаларының жетілуінің нәтижесі. Екіншіден, сананың мағынасы (сезімдер мен ойлар, образдар мен идеялар) дүниені тек бейнелеп қана қоймайды, онымен шектелмейді. Өйткені, адамның санасы табиғаттың, қоршаған дүниенің көшірмесі ғана емес, ол ең алдымен, еңбектің даму көзі, соның негізінің бірі. Адам өз еңбегі арқылы дүниені өзгертеді, оны жандандырып оған мән береді. Адамның санасы, саналы іс-әрекеті арқылы дүниенің негізгі мәні ашылады. Сана тек қоғамда ғана қалыптасады. Өйткені адамның шын мәніндегі адам болуы, оның қоғамдық қатынастарды толық меңгеруімен тығыз байланысты.

«Тәннен жан артық еді, - дейді Абай атамыз – тәнді жанға бас ұрғызса керек еді. Жоқ біз олай қылмады, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдадық. Жан бізді жас күнімізде билеп жүрген еді. Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік, жанды тәнге бас ұрғыздық, еш-нәрсеге көңілмен қарамадық, көңіл айтып тұрса сенбедік. Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргеннен-ақ тойдық...» [4]. Тәннен жан артық... Билік жанда ғой. Бірақ ғұмырымыз аз ба, көп пе... кеше, бүгін, шамасы ертең де билік жанда емес тәнде Пендешіліктен тәнді тоғайтып, сөйтіп аурулар қатарын молайтып жүрген жай бар. Тым болмаса, жан мен тән бірлігін, ара қатынасындағы бірлікті неге сақтамасқа? Біреу үшін емес, өзің үшін, отбасың, өзіңсіз толайым болмайтын көкірегің үшін. Ендеше, жан мен тән қуаттылығын жетілдіріп сана мен дене үйлесімділігіне қол жеткізейік.

Әл-Фарабидің түсінігі бойынша «Жан мен тән бірге дамиды, тәнсіз жан жоқ, жан - тәннің тірлік қасиеті. Адамның тәні мен өмірі өткінші уақытша. Тән жанның дамуына, оның біртіндеп қалыптасып жетуіне үнемі әсер етіп отырады. Жанның дамуы үшін тәннің саулығы қажет. Шыққан жан адамға еш уақытта қайтып келмейді, адамның көңілі мен рухы-жаны мәңгі өмір сүреді де, надан, залым, зымиян адамның жаны өшіп отырады» - десе, Абай өзінің Жетінші қара сөзінде: «Жас бала да анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады, біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмарлығы, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды, һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Ал, екіншісі білсем екен демекпін. Не керек соған талпынып, жалтұр-жұлтұр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін та-

тып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса дау-сына ұмтылып, онан ержетіңкірегінде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да, тура жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмарлығы деп жан мен тәннің байланысы, бірінсіз бірінің күні жоқ екенін айтып, әл-Фарабише түсіндіреді [5].

Тән – адам жанының мекені, дүниедегі тіршілігін атқаруға мүмкіндік беретін физикалық денесі. Тән саулығы, тазалығы, сұлулығы адамның сыртқы келбетінен көрініс беретін жағымды қасиеттер ғана емес, сонымен қатар адамның ішкі жан дүниесін сипаттайтын белгі, адам жанының саулығы мен тазалығына негіз болатын алғышарт ретінде танылады. Тән жанмен өзара тығыз байланыстағы, өзара ықпалдастықтағы үйлесімді құбылыстар ретінде көрініс береді. Жанды көзбен көріп, қолмен ұстауға келмейтіндіктен де тән жанның шұғылаланған сәулесі яки көлеңкесі ретінде немесе жанның барлығын айқындайтын қарама-қарсы құбылыс ретінде де үнемі қатар айтылады.

Денсаулық – тән, рухани және әлеуметтік игіліктің жиынтығы. Денені үнемі шырықтыру, шынықтыру, сананың сапа деңгейін көтеру, интеллект өрісін биіктету, рухыңды шыңдау – бәрі де денсаулыққа қызмет етеді десек қателеспейміз.

Қазіргі уақыттағы әлеуметтік-экономикалық жағдай, тіршілік деңгейінің құлдырауы және экологиялық қолайсыздық Қазақстан Республикасының бүкіл халқының, әсіресе, өскелең ұрпақтың денсаулығына кері әсерін тигізуде.

«Дені сау адам – табиғаттың ең қымбат жемісі», - деп тегін айтылмаған. Қазіргі қоғамымызда халықтың табиғи өсімі төмендеп, сырқаттанушылық және өлім-жітім деңгейі арта түсті. Әсіресе, балалар мен жастардың денсаулығы қауіп тудыруда. Темекі тарту, ішімдік пайдалану, есірткі құмарлық және улы заттарға әуестік, адамгершілікке жат мінез-құлық, ерте жыныстық қатынас кеңінен етек алуда.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы сарапшыларының дерегі бойынша халық денсаулығының 49-50% өмір салтына, яғни адамның өз денсаулығына қалай қарайтынына тәуелді, 17-20% қоршаған орта ерекшеліктеріне байланысты. Сонымен қатар денсаулық қатерінің негізгі факторларына мыналар да енеді: қозғалыс күшінің кему салдарынан қимылдың кемуі дене массасының артуы, жүйесіз тамақтану, қоршаған орта нысандарының барлығының көптеген уытты заттармен ластануы, өндірісте және тұрмыста күйзеліс туғызатын жағдайлар, зиянды әдеттердің – шылым шегу, алкоголь пайдалану, нашақорлық көп таралуы.

Салауатты өмір тіршілігі – денсаулықты сақтаудың және нығайтудың негізгі, ол жан-жақты дамыған азаматтың қалыптасуына, оның рухани, дене дамуына әсер етеді. Денсаулыққа кері, жағдайсыз әсер ететін көптеген факторлар бар: ауырып жазылу; никотин мен алкогольге құмарлық; еңбектің, тұрмыстың жайсыз жағдайларының созылмалы әсері; дұрыс тамақтанбау (оның жеткіліксіздігі және шамадан тыс көптігі); көңіл күйдің жылдам ауытқуы, еңбек пен ретсіз демалыстың бұзылуы, ауаның, судың бұзылуы; дәрі-дәрмекті және тұрмыс химиялық заттарын орынсыз пайдалану.

Қорыта келгенде, академик Н.М. Амосов айтқандай: «Денсаулығың мықты болуы үшін мәнді өз күшің болу қажет, оны еш нәрсемен ауыстыруға болмайды».

Сана мен дене үйлесім тапқанда ғана адам биік белестерді бағындырып, рухани кемелденуге дейін жетеді. Қорыта келе айтарымыз, сана мен дене қарым-қатынасын ретке келтіру тұлға үшін оңай болмасы ақиқат. Ендеше, рухани кемелденуге жету үшін еңбек етуден аянып қалмайық.

Әдебиеттер:

1. Педагогика. Дәріс курсы. – Алматы: Нұрлы әлем, 2003. – 368 б.;
2. Демеуов А.Қ. Дене тәрбиесі сабақтарында жеке тұлғаны қалыптастырудың әдісі //«Қазіргі жағдайда салауатты өмірді қалыптастырудың инновациялық технологиялары» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. –Шымкент, 2006. – 35-36 б. (Г.Л. Сауырбекова, У.О. Мұсаевпен авторлық бірлестікте);
3. Ленченков И.С. Физкультурно- оздоровительная и спортивно-массовая работа в образовательных учреждениях. / И.С. Ленченков. Усть-Каменогорск: из-во ВКГУ, 2003;
4. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы: өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Көркем әдебиет, 1957. – 368 б.;
5. Әл Фараби.Тарихи-философиялық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1973. – 220 б.

Авторлар туралы мәлімет Сведения об авторах

АБИЛБАКИЕВА Т. – PhD, Абай атындағы ҚазҰПУ Мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика кафедрасының аға оқытушысы. Алматы қаласы.

АБИТОВА Г.Т – PhD, ассоц. профессор (доцент) кафедры дошкольного образования и социальной педагогики КазНПУ имени Абая, г. Алматы.

АЙТПАЕВА А.К. – к.п.н., доцент Кафедры дошкольного образования и социальной педагогики КазНПУ имени Абая, г. Алматы.

АЛИМБЕКОВА Анар Аймолдақызы – PhD, Абай атындағы ҚазҰПУ Мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика кафедрасының қауымдастырылған профессоры. Алматы қаласы.

АХМЕТОВА Айгуль Игеновна – PhD, ассоц. профессор кафедры дошкольного образования и социальной педагогики КазНПУ имени Абая, г. Алматы.

ҚЫЯҚБАЕВА Ұлбосын Қозыбаевна – п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогика және психология институты Мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика кафедрасының меңгерушісі, профессор. Алматы қаласы.

БЕКМАГАМБЕТОВА Р.К. – доктор педнаук, профессор кафедры дошкольного образования и социальной педагогики КазНПУ имени Абая, г. Алматы.


БӨЛШЕКБАЕВА Әсем Исаевна – PhD, Абай атындағы ҚазҰПУ Мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика кафедрасының қауымдастырылған профессоры. Алматы қаласы.

САҒЫМБЕК Мөлдір Серікболқызы – Абай атындағы ҚазҰПУ 7М01201 – Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың педагогикасы мамандығының 2-курс магистранты. Алматы қаласы.

СЛАМКУЛОВ А. – ҚазНұр колледжінің оқытушысы. Алматы қаласы.

ТӨЛЕШОВА Ұлмекен Болатовна – п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогика және психология институты, Мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика кафедрасының қауымдастырылған профессоры. Алматы қаласы.

ШАУЕНОВА М.А. – PhD доктор, Абай атындағы ҚазҰПУ «Мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика» кафедрасының оқытушысы. Алматы қаласы.



Құрметті оқырман қауым!

Қолдарыңызға тиіп отырған журнал мектеп, мектепке дейінгі, арнайы, жоғары оқу орындары мұғалімдері мен оқытушыларына, жалпы оқырмандарға арналған. Журналға «Казпочта», «Ернұрпресс», «Евразия Пресс», «Эврика-пресс» арқылы жазылған тиімді.

Жазылу ай сайын жүргізіледі.

Мекен-жайымыз: 050036, Алматы қаласы, Мамыр-2, 13-7.

Индекс 75487

**Қиын
алыңыз да,
жазылыңыз!**

Басылым индексі											
АБОНЕМЕНТ											
Мектептегі психология -										75487	
Психология в школе											
						Комплекті саны					
2024 жылға, айлары											
қайда											
(почта индексі) (мекен-жайы)											
кімге (аты, жөні)											
						Тасымалдау карточкасы					
						75487					
ПВ орны						Басылым индексі					
Бағасы		Жазылу мекен-жайыын өзгерту		...теңге		...тиын		комплекті саны			
				...теңге		...тиын					
2024 жылға, айлары											
1		2		3		4		5		6	
7		8		9		10		11		12	
қайда											
қайда											
(почта индексі) (мекен-жайы)											
кімге (аты, жөні)											

